

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**

Тақырыбы: Денсаулық сақтауды жоспарлау


Орындаған: Әбуова Г.Е

Факультет: ҚДС

Курс: V

Топ: 504-1

Тексерген: Дәрмен Н.Ж



Жоспары

- Денсаулық сақтау жүйесін жоспарлаудың негізгі принциптері
- Қазіргі кездегі стратегиялық жоспарлау
- Жоспарлаудағы негізгі нормативті құжаттар
- Қазіргі кездегі жоспарлаудың орындалу барысы
- Қорытынды



- Жоспарлау - экономиканы басқарудың құрамды бөлгі болып табылады. Ол мемлекеттік деңгейде (мемлекеттік жоспарлау), сала деңгейінде (салалық жоспарлау), аймақтық деңгейде (аймақтық жоспарлау), жеке кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде қолданылады. Сонымен қатар жоспарлауды үй шаруашылық, жанұялық деңгейде қолданылады. Мысалы: жанұялық бюджетті жоспарлау. Кең ұғымда жоспарлау - болашақты болжау, белгіленген үлгіні құру, жоспарланған әрекеттердің соңғы шегіне жету.
- Әртүрлі іс-әрекеттерді жоспарлау - мемлекеттің, саланың, аймақтың, кәсіпорындардың және ұйымдардың алға қойылған мақсатқа жетудегі максималды мүмкіндіктерін анықтаудағы маңызды шара болып табылады. Сондықтан жоспарлар нақты мақсаттарға жетуге бағытталған. Бұл жоспар көрсеткіштерінде, оның мақсаттық өлшемдерінде. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу дәрежесіне көрініс береді. Сонымен қатар жоспарлы көрсеткіштер жоспарлы мақсатқа жету үшін ұйымдық және экономикалық іс-әрекеттердің бағыттамасын, аралық нәтижелерді, шығындалған ресурстардың түрі мен көлемін айқындайды. Жоспарлар белгілі уақыт ішінде жасалады, бұл жоспарлы кезең деп аталады. Жоспарлардың нәтижелі корсеткіштері жоспарлы кезең деп аталады.

- Жоспарлау әдістері бағдарламасы - **мақсаттық** және **дерективті** болып бөлінеді. Бағдарламаны құру кезінде бағдарламалық мақсаттарға жету үшін міндетті түрде бағытталған шаралар құрылады.
- Бағдарламалық шаралар: мақсатына жету үшін кімге, неге, қашан және қалай, не істеу керек деген сұрақтарға жауап береді. Жоспарлаудың директивті әдісі кезінде басқару мүшесінен бағынушы мүшесіне немесе орындайтын объектіге тапсырма тізімдері болып табылатын жоспарлар қалыптастырылады және дерективті көрсеткіштер 3 топтан тұрады:
 - - Жұмыстың көлемі мен сапасының көрсеткіші
 - - Тапсырманы орындау үшін ресурстық қамтамасыздандыру өлшемдердің көрсеткіштері
 - - Орындау мерзімдеріБағдарлама орындау уақыты бойынша бөлінеді:
 - - Стратегиялық (5 және көп жыл)
 - - Орташа мерзімдік (1 жылдан 5 жылға дейін)
 - - Ағымды (1 жыл)



- Ағымды жоспарлау кезекті жылға денсаулық сақтаудың стратегиялық жоспарларын іске асыруға арналған шарттарды анықтайды. Ағымды бағдарламаларды іске асыру барысында стратегиялық бағдарламаны іске асырушы мониторингті бақылау орындалады, қажетіне қарай оларды түзету жасалады, осылай денсаулық сақтауда жоспарлаудың үздіксіз процесс принципі жүзеге асады.
- Орта мерзімді жоспарды жасауда келесі тәсілдер қолданады:
 - жалпы тепе-теңдік тәсілі;
 - монографиялық тәсіл;
 - жоспарды үздіксіз жасау тәсілі. Жоспар төрт этап бойынша жасалады:
- 1) дайындық жұмысы;
- 2) бақылау цифрларын жасау;
- 3) жоспардың жобасын бекітуге өткізу;
- 4) жоспарды қарастыру, бекіту және төменде тұрған органдарға жіберу. Орта мерзімді (5 жылға дейінгі) индикативтік жоспарлар Қазақстан Республикасы әлеуметтік – экономикалық дамуының индикативтік жоспары тұжырымдамасына сәйкес жасалады. Онда мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі тактикалық мақсаттары мен бағыттары және оларға жетуде мемлекеттік ықпал ету жолдары көрсетіледі. Сонымен бірге мемлекеттің, кәсіпорындардың және халықтың жоспарланған мерзімге шамамен бөлінетін ресурс мүмкіндіктері анықталады.



- Орта мерзімге арналған жоспар ұзақ мерзімге арналған жоспарлардағы параметрлерді нақтылап, берілген уақыт кезеңінің мақсаты мен міндетіне жету шараларын анықтайды. Ол кең көлемдегі көрсеткіштер деңгейінде жасалып, шаруашылық салаларына (эвеноларына) бағдар мен ұсыныс ретінде қызмет етеді.
- Орта мерзімді жоспар жасау барысында әлеуметтік-экономикалық дамудың өз кезеңіне сай, стратегиялық-тактикалық мақсат-мүддені іске асыруға бағытталған экономикалық реттеушілер жүйесі анықталады.
- Орта мерзімді жоспар мына тараулардан тұрады:
 - 1.Әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдау.
 - 2.Экономикалық саясатың негізгі бағыттары.
 - 3.Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері.
 - 4.Экономикалық реттеуіштер.



Жоспарлауға келесі ерекшеліктер тән:

1. Жоспарлау алдын ала қабылданған шешім және келешекте белгілі нәтижеге жетуге бағыттылған.

2. Әр-түрлі жағдайларға байланысты жоспарға тұрақты түзетулер енгізіледі, сондықтан жоспарлау жүйесі икемді және өзгерістерге бейімделуі қажет.

3. Жоспарлау процесі қате істерді болдырмауға және қолданбаған мүмкіндіктерді азайтуға бағыттылған.

Жоспарлау процесінің негізгі элементтері.

- **НӘТИЖЕЛЕР**
- **АМАЛДАРЫ**
- **РЕСУРСТАР**
- **ЕНГІЗУ**
- **БАҚЫЛАУ**



- Жоспарлау төмендегі принциптерге негізделінеді:
- • ЖҮЙЕЛІЛІК;
- • ЖИНАҚТЫЛЫҚ;
- • ҮЙЛЕСІМДІЛІК;
- • ИКЕМДІЛІК:
- • РЕСУРС МҮМКҮНДІКТЕРІНІҢ ШЕКТІЛІП.
- **ЖҮЙЕЛІЛІК** - жоспар шешімін жасау және негіздеу барысында экономиканың барлық элементтерін есепке алу қажеттігін ұйғарады.
- **ЖИНАҚТЫЛЫҚ** - жоспар шешімін жасау және негіздеу барысында, оның іске асырғанда салдарын ескеру қажеттігін ұйғарады.
- **ҮЙЛЕСІМДІЛІК** - жоспарланған объектінің жұмыс істеуін және дамуының нәтижелі болуына жоспар шешімін бейімдеу.
- **ИКЕМДІЛІК** - жоспар шешімінің тұрақты болатын өзгерістерге бейімделуін ұйғарады.
- **РЕСУРС МҮМКҮНДІКТЕРІНІҢ ШЕКТІЛІГІ** - колда бар ресурстарды ұтымды және нәтижелі пайдалану қажеттігін ұйғарады.



- Бағдарламаны құру кезінде, әсіресе бағдарламалық мақсаттарды, болжамдық шамаларды белсенді қолдану керек.
- Барлық бағдарламалар **қарапайым** және **кешенді** болып бөлінеді.

Қарапайым бағдарламаларда шараларды орындау бір жүйенің (саланың) субъектісімен іске асады, мысалы денсаулық сақтау. Кешенді бағдарламаларда бағдарламалық шаралар бірнеше жүйенің (саланың) субъектілерімен жүргізіледі, мысалы денсаулық сақтау, білім, шаруашылық және т.б.

- Бағдарламалар жедел, ертеңге қалдыруға болмайтын мәселелерді шешу бағытта ресурстарды қолдану құралы болып саналады. Сондықтан бағдарламалық жоспарлаудың маңызды шарты мәселені білу, оны талдау және оның барлық жиынтығынан өзекті мәселені бөле білу болып табылады. Мұндай тапсырма әрқашан анықталған мәселені шешу үшін мемлекеттің, саланың, ұйымның ресурстарымен байланысты. Сондықтан бағдарламаны құрған кезде бір жағынан, басты және өзекті мәселелерді ғана шешу, екінші жағынан -оларды шешу үшін ресурстар болуы қажет.



Көбіне бағдарламалар құрылады:

- Бағдарламалық мәселені талдау және оны бағдарламалық түрде шешуді негіздеу
- Басты мақсатты бөлумен бағдарламаның мақсаттары мен тапсырмалары, өсу мақсатын бөлу, бағдарлама құрамынан бағдарламаларды бөліп алу.
- Мазмұнын, орындау мерзімін, белгіленген орындаушыларды көрсетумен бағдарлама шаралары
- Ресурстардың түрлі түрлерінде бағдарламаның қажеттілігі, қажетті ресурстарды алудың көзі мен әдістері. Бағдарламаларды қаржыландыру
- Бағдарламаны реализациялаумен басқарудың ұйымдық формалары. Бағдарламаны орындаудың жоспар - кестесі.
- Жалпы түрде бағдарламаларды, жеке бағдарламалардың және ірі шаралардың тиімділігін бағалау.
- Бағдарлама көрсеткіштері.

Жоғарыда көрсетілген типтік құрылым бағдарламаның түрі, масштабы, ұзақтылығына қарай ауысуы мүмкін.

Қандай да бір бағдарламыны өңдеу бағдарламалық мәселенің болжамдап - талдау кезеңінен, жағдайын оқудан, тенденцияларды зерттеуден басталады. Кейін, мақсаттарға, бағдарламалық шараларға, қолданылатын ресурстарға жету әдістерінің нұсқалары қарастырылады. Сонымен қатар тиімді нұсқаларды таңдау және бағдарламаның мерзімі анықталады. Бағдарламаны өңдеу циклді процесс болып табылады, бұл кезде бағдарламаның белгіленген мақсаттары мен тапсырмаларын коррекциялау, қажет ресурстар анықтау және бағдарламаны реализациялау мерзімі іске асады.



- ҚР денсаулық сақтауды жоспарлау жүйесі біріңғай процесстерде құрылады және тұрғындар денсаулығын қорғау аймағында біріңғай мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді және сонымен қатар Республика субъектісіне, медициналық ұйымдарға өзінің даму ерекшеліктерін максималды қолдануға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтауда жоспарлаудың негізгі принципі тұрғындарға жасалатын медициналық көмек көлемі мен оны орындауға қажетті ресурстар көлемі арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ету болып табылады.
- Жоспарлау әрқашан шектелген ресурстар шарттарында іске асатындығын есепке ала отырып, денсаулық сақтауда бағдарламаны құру ұйымының рационалды технологиясын анықтау мен науқастарға медициналық көмекті көрсету болып табылады.
- Денсаулық сақтауда жоспарлау көрсеткіштері жалпылама түрде саланың, сонымен қатар жеке медициналық ұйымның мақсатын, тапсырмаларын, өзекті мәселелерін, қызметінің тәртібі мен шарттарын анықтайды.



- Денсаулық сақтауды жоспарлаудың негізгі көрсеткіштері мемлекеттік деңгейде құрылады. Бұл көрсеткіштерге жатады:
- Денсаулық сақтаудың стратегиялық мақсаттары, тапсырмалары және даму ерекшеліктері.
- Республиканың субъектілеріне, аймақтық білімнің және медициналық мекемелердің шарттарына бейімделген әлеуметтік стандарттары, нормалары және нормативтері.
- Денсаулық сақтауды қаржыландырудың нормативтері және денсаулық сақтаудың қаржылық даму шарттарын республиканың және аймақтық білім субъектісінде теңестіру тәртібі.
- Инвестицияның тиімділігі және денсаулық сақтаудың инвестициялық жобаларының белгілері.
- Айтылған көрсеткіштердің негізінде Республиканың субъектілері, аймақтық білім, медициналық ұйымдар меншікті стратегиялық бағдарламасын қалыптастырады.



- Ресейдегі денсаулықты дамытудың стратегиялық жоспарлауын көрсететін негізгі құжат - денсаулық сақтауды дамыту концепциясы мен мемлекеттік қаулы болып табылады.
- Осы концепцияның мақсаты адамдардың денсаулығын жақсарту және сақтау болып табылады, сонымен қатар аурушандықпен өлім көрсеткіштерін азайту арқасында қоғамның тікелей және тікелей емес қысқарту.
- Стратегиялық жоспарлау - бұл бүкіл мекемелік шешімдердің негізі. Салада стратегиялық жоспарлауды бастар алдында негізгі құндылықтарға сүйену керек:
 - - азаматтарға денсаулық сақтаудың қолайлы болуы
 - - өзара қосарланған жинақты жоспарлау
 - - болжамға бағытталуы
 - - болашақтағы жоғалтуларды азайту



- Барлық жақтарда қарастырылған қортындылар мен белгіленген мақсаттар негізінде жасалған стратегиялық жоспарлау мақсатын нақты бағалау, әрекеттің бағыттылығы және осы мақсаттарға жету үшін әрекеттер мен шешімдер жиынтығын анықтау болып табылады.
- Стратегиялық жоспарлаудың бастапқы мақсаты денсаулық сақтау жүйесіне жаңарту енгізу мен өзгеру болып табылады.
- Жоспарлаумен жеткен қортындылар арасында өзгерістер жан-жақты болғаны жөн. Өткен стратегиялық шешімдер мен басқару аппаратының перспективтік дамуына негізделген мекемелік стратегиялық алдын-ала білуі - жоспарлаудың міндетті бөлігі болып табылады. Көбіне, қаражаттардың 75% аз тиімділігі, көп ақшалы мақсаттарға құрылады, ал көп тиімді мақсаттарға бір реттегі қаражаттандырумен жақсы қортындыларға жетеміз.




Стратегиялық жоспарлау аясында басқару қызметінің үш негізгі түрі орындалу қажет:

- Приоритетті жоспарлау және ресурстарды бөлу
- Жүйенің ішкі ортаға тұрақты бейімделуі
- Қазіргі таңдағы ішкі координация және жүйенің қайта топтамасы. Осыған байланысты стратегиялық жоспарлаудың басынан бастап ерекше бөліп қарайтын сипаттары: масштабы, рутинсіздігі күрделілік және екі жақтылық, фундаменттілік және ұзақ уақыттылығы; өзгерістердің маңыздылығы және қоршағандарға тәуелділігі. Стратегиялық жоспарлаудың негізгі тапсырмасы ресурсты потенциалдық қолданады және тұрғындардың денсаулығының жағдайын жақсарту бойынша анықтама болу қажет. Осы бағыттағандардың ішінен маңыздысы денсаулық сақтау саласындағы құрылымдардың қайта құрылуды жүргізу мен медициналық мекемелер жүйесінің реструктурациясы болып табылады. Аудандық, аймақтық деңгейде дайындалатын айналымдағы жоспарлар мен стратегияның бірін қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтаудың басқару жүйелерінің барлық тізбегіндегі іс-әрекет шараларының координациясын дамыту қажет. Денсаулық сақтауды басқару жүйесінде стратегиялық жоспарлаудың ішінде келтірілген мақсаттарды орындау үшін, қажетті техника мен технология, мамандандырылған кадрлар бар ұйыммен қамтамасыз ету керек, олар денсаулық сақтауды дамытуға және сараптау сұрақтарымен айналысады. Сонымен қатар қандай да бір саланың негізгі субъектілерінің іс-әрекетін орындайды. Денсаулық сақтау жүйесінде стратегиялық жоспарлау мен басқаруды орындау үшін басқару құрылымының көмегімен уақытша потенциалдың болуымен қамтамасыз етеді. Стратегиялық жоспарлаудың негізгі принципі медициналық көмектің құрылымы мен көмегінің көлемі жоспарланған қаржылы ресурстарға негізделген және мемлекеттік кепіл бойынша халық арасында медициналық көмек көрсетуге негізделген.



Мемлекеттік деңгейде Денсаулық сақтау министрлігі мен келесі тәртіп бойынша жасап шығарылады және бекітіледі:

- Денсаулық сақтау дамуының стратегиялық мақсаты, стратегиялық приоритеті.
- Денсаулық сақтау қызметінің және тұрғындар денсаулығының жағдайының стратегиялық көрсеткіштері.
- Азаматтарға ақысыз медициналық көмек көрсету кепілдігінің мемлекеттік бағдарламасы. Мемлекеттік кепілдіктің мемлекеттік нормалары, нормативтері, әлеуметтік стандарттары, әдістемелері жоспарлауда қолданылады.
- Денсаулық сақтауды жоспарлаудағы қолданылатын табиғи нормалар және нормативтер, әлеуметтік стандарттар, сонымен қатар медициналық көмектің көлемінің аймақтық нормативтерін санау әдістемесі және олардың қаржылық қамтамасыз ету нормативтері.
- Денсаулық сақтау аймағындағы мемлекеттік мақсаттық жоспарлар, стратегиялық мақсатқа жетуді, стратегиялық тапсырмалардың орындалуын, стратегиялық приоритеттердің бекітілуін қамтамасыз етеді.



ҚОРЫТЫНДЫ

- Халық денсаулығы жағдайының деңгейі өз кезегінде, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму шамасын айқындайды. Медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, уақтылылығын, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз етуге қызмет ететін бірыңғай дамыған, әлеуметтік бағдарланған жүйені білдіретін денсаулық сақтау саласы халық әл-ауқатының орнықты және тұрақты өсуі тұрғысынан алғанда республикадағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Президент Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің дамуының жаңа кезеңіндегі мемлекеттік саясаттың бір бағыты медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту және денсаулық сақтаудың жоғары технологиялық жүйесін дамыту болуы керек деп атап көрсетті. Медициналық қызметтердің сапасы кешенді ұғым болып табылады және ол көптеген көлемді себептерге байланысты, олардың ішінде медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жарақталуын, клиникалық мамандардың кәсіби деңгейін және оны арттыруға деген уәждемесінің болуын, медициналық көмекті ұйымдастыру мен көрсету үдерістерін басқарудың қазіргі заманғы технологияларын енгізуді, медициналық көмекке ақы төлеудің тиімді әдістерін енгізуді бөлек атап өткен жөн. Медициналық қызметтердің сапасын басқаруды жетілдіру Қазақстанның денсаулық сақтау саласын 2020 жылға дейін стратегиялық дамыту аясында маңызды орын алады.



- 2010 жылғы Жолдауда Президент таяу онжылдыққа нақты міндеттер қойды. Оның ішінде Нұрсұлтан Әбішұлы «Саламатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты - міне, осылар денсаулық сақтау саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс» екендігін атап көрсетті.

Жоғарыда көрсетілгендерге сәйкес, сондай-ақ халық денсаулығының қазіргі жағдайына және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне жүргізілген талдау негізінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық басым бағыттары және іске асыру тетіктері айқындалды.

Бағдарламада ведомствоаралық және сектораралық өзара іс-қимылды ескере отырып, жоспарланған іс-шараларды орындауды заңнамалық, инвестициялық, құрылымдық, экономикалық және кадрлық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көзделген.



ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Вялков А. Социальный маркетинг // Врач. 1991. - №12.- С. 20-24.
- Файоль А., Эмерсон Г., Тейлор Ф., Форд Г. Управление это наука и искусство, М.:
- Основы маркетинга, 1992.- 350 с.
- Сорокин П. Социальная психология, серия Мыслители XX века, М.: 1992.- 500 с.
- Лешинер Р., Разу М., Старостин Ю. Подготовка менеджеров в США (на примере Массачусетского технологического института) // Экономические науки, 1991- №4.- С. 59-67
- Мескон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента, перевод с англ. под ред. д.э.н. Евенко Л.И.- М.: Дело, 1992.- 702 с.
- Дайан А., Букрель Ф. и др. Академия рынка. Маркетинг, перевод с французского. - М.: Экономика, 1993.- 282 с.
- Беман В., Эванс Дж. Маркетинг. - М., 1990.- 640 с.
- Завгородная А.В., Кадзевич М.С. Маркетинг. Методы и процедура: Учебное пособие.- М., 1990.- 580 с.
- Ю.Завьялов П.С., Демидов В. Формула успеха. Маркетинг.- М., 1988.-360 с.
- Котлер Ф. Основы маркетинга.- М., 1989.- 440 с.

